

ӘОЖ 81.81-13

**ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ҚҰС АТАУЛАРЫНЫҢ
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Сұлтан Айдана Ардаққызы

aydanasultana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті, түркітану мамандығының
1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Қосыбаев

Түрік жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат-ит-түрік» және «Құтты білікте» нақты тарихи-деректілік сипатпен танылған. «Диуани лұғат-ит-түрік» және «Құтты білік» жазба ескерткіштері тарихи тынысы тереңге тартқан өркениеттің биік мұнаралары десе де сияды. Түрік жерінің аумағы,

онда мекендеген ұлт-ұлыстардың сипаты, тарихы мен соған қатысты тарихи деректер, аңыздар және бірқатар тайпалардың түрік жеріне келуі мен қоныстануы, олардың шежірелері көзі ашылмай келген тарихи көмбе. Көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін түсіндіріп, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын баяндайды, сол кездегі ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал-мәтелдерін береді. Кітаптардағы осыған қатысты деректердің құндылығында шек жоқ [1, 52 б.].

Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұнның еңбектерінде өзекті бір рухани желі бар. Ол- Түрік елі, түрік өркениаты. XI ғасырдағы әйгілі жазбаларда ол рухты ұстанып әрі қарай гүлдену мақсатын өнер мен ғылым тілінде толғайды. Шығармаларда елдік дәстүр, халықтық рух, өнер- білім мұраттары айқындала түскен [2, 9 б.].

«Диуани лұғат-ит-түрік» және «Құтты білікте» еңбектерін зерттеп насихаттаған белгілі ғалымдар көп. Олардың ішінде В.В. Бартольд, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.Н. Самойлович, М. Хартман, К. Броккельман, Б. Аталай, С.Е. Малов, А.Б. Халидов, М.Ш. Шералиев, И. В. Стеблева, В.И. Асланов, Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, Н. Келімбетов, С. Муталлибов, З.Ауезова және тағы басқа көптеген зерттеушілерді атап өтуге болар еді.

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі бүкіл түркі халықтарының тіл мен мәдениетке ортақ тілтану энциклопедиясы болып табылады. Ал, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны- Қарахан мемлекетінің саяси- әлеуметтік бағыт бағарын айқындайтын Ата заңы сипатында жазылған эпикалық- дидактикалық сарындағы көркем туынды [3, 360 б.].

Осы орта ғасырлық дереккөздері қазіргі заманғы кешенді зерттеушіден үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылатын деректану жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілі жекелеген категориялар бойынша қарастырылғаны болмаса, арнайы салыстырыла зерттелмеген. Тіл тарихын зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің тілдік құрылымын анықтау, осы түркі тілдерінің белгілі бір дәуірдегі ескерткіштер тіліне қатысын анықтау – ең басты мәселелердің бірі болып табылады.

Орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеуде құсқа қиянат жасау, құс атып алу сияқты ұғымдарға қарама- қарсы деректерді ұсынамыз. Жалпы Қазақстанда құстардың жалпы саны алты жүзден астам. Демек, алты жүзден астам құс атауы бар деген мағына білдіреді. Осыған орай құстарға қатысты теңеу сөздер, мақал- мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері аз емес.

Жалпы орта ғасыр жазба ескерткіштерінің өзінде- ақ отыздан астам құс түрлері тіркелген және сипатталған және жеткілікті көлемі де бар. Жануарлар әрдайым адамға жақын және өмірінде маңызды орын алған. Адам баласы құстардың мінез-құлқын зерттеп, олардың теріс және жағымды қасиеттерін саралап, оларды өзімен салыстыратын болған және де мұның барлығы түрлі тілдердің лексикалық қорында көрініс тапқанын көре аламыз. X-XI ғасырлар тіл білімі тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге түркі мәдениеті тұрғысынан да маңызды кезеңдер болып табылады. Түркі халықтары ерте заманнан бастап аңшылықты кәсіп еткен. Уақыт өте ит жүгіртіп, құс салу түркілердің үлкен өнеріне айналған. Құс патшасы бүркіттен бастап, жұдырықтай шымшық, торғайға дейін танып біліп, түсін түстеп өзіндік атауымен ажырата білген. Мұның өзі осы саладағы лексемалардың қалыптасуына әсер етті. «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде қуш яғни «құс» сөзіне мынадай анықтама беріледі: “Жалпы құс атаулының атауы; кейін айырым сөздер қосылып бөлек- бөлек тарамдалып кетеді; uḡungkuş«ақ лашын құс», kara kuş«қаракұс», tewikuş«түйекұс», yunkuş«тауыс», elkuş«ел құс, тазқара», kız kuş«қызғыш құс» (жүндерінің реңі бір түстен екінші түске құбылып тұратын құстың бір түрі), kılkuş«кыл құс» (ерте көктемде келетін, үйрекке ұқсас құстың бір түрі)- kıl kuḡukkuş«кыл құздық- қыл құйрық», angit«қоқиқаз», ördek «үйрек», sanduvaç «бұлбұл», küzküneк«қаршығаға ұқсас құс» (самал жел жұтатын құс), kaşgalak «қасқалдақ»(үйректен кішірек су құсы), kargılaç «қарлығаш», sağızgan «сауысқан», sığırçık«қараторғай», bağırlık «шүргей», toḡrıl «тоғрыл» (жыртқыш құс), keklik«кекілік», kuzgun «құзғын», karga«қарға», çağık«лашын»(жыртқыш құстардың бір түрі), bodh «дуадақ», kugu «аққу», turna «тырна»,

korday«құстың бір түрі», turumtaу«тұрымтай», songkur «сұңқар», kökurçkün«көгершін», şahın «бүркіт, жыртқыш құс» т.б.

Тек қазақ қана емес бүкіл түркі халықтарының ортақ мұрасы болып табылатын Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» және Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» жазба ескерткіштері тіліндегі құс атауларына қатысты лексемалардың саны 69 (бірнеше лексема қайталанып келеді). Оның ішінде «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде 61, «Құтты білік» жазба ескерткішінде 29 құс атаулары кездеседі. 11 кестеге назар аударатын болсақ, «Құтты білік» жазба ескерткішіндегі құс атауларының 8-і «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде кездеспейді, ал «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігіндегі 62 құс атауының 41-і «Құтты білікте» кездеспейді. Жазба ескерткіштерде Чағры, Тұғрыл, Доған, Тұрымтай, Қаракүш, Сұңқар, Лашын, Қарлығаш, Сандуғаш сынды т.б. қазіргі түркі тілдеріне ортақ антропонимдер көрініс тапқан. Ескерткіштерде құстар туралы көптеген теңеулер және мақал-мәтелдер берілген. Мысалы: «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде “Kuş kanatın, er atın” [4, 34 б.] бәйітіне қарсы Құтты білікте,

“Er at boldı begler kanatı yügi

Kanatsız kuş uçmaz ay begler begi”[5, 36 б.].

«Құс- қанатымен, ер- атымен немесе жолдасымен»[6, 40 б.], Қазақ тілінде: «әскер бектің қанаты мен құйрығы, оларсыз құс ұшпас-тағдыр бұйрығы» [6, 299 б.] деген сияқты қазақ халқында кездесетін мақалды атап көрсетуге болады. Бұл мақал- мәтелде «ер» сөзі жауға аттанып, майданға түскен ерді білдіреді, ал «құс- қанатымен» дегенімізде құстың қанатсыз биікке ұша алмайтындығын, құстың қанатсыз мақсатына жете алмайтындығын көре аламыз [7, 36 б.].

Қазақ этнонимінде орнитонимдерге байланысты бұрыннан қалыптасқан ұғымдар мен наным-сенімдер және кейбір орнитонимдердің символдық мәнінің бүгінге дейін жойылмай, сақталуы адам мен табиғат арасындағы мызғымас бірлікті көрсетеді. Сөзімізді растау үшін төменде бірнеше құс атауының символдық мәнін ашып көрсетуге тырыстық. Аққу, Бұлбұл, Қарлығаш, Сандуғаш, Құралай, Ақсұңқар, Лашын, Үкілі, Бүркіт, Сұңқар, Қаршыға сынды орнитонимдердің метафоралық семантикасына айғақ бола алатын мысалдар көрсетілген [8, 36 б.].

Kugu- Аққу. Бұл құс атауы орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде қаву//қуқи тұлғасында да кездеседі. “Қılıb қurban қаву өрдәк тавуқ қаз” «аққу, үйрек, тауық, қаздар, сойылды»[8, 139 б.]. Ал біздің зерттеу нысанымыз болып отырған «Диуани лұғат-ит-түріктегі» kugu тұлғасы, қазіргі түрік тілінде kuğu яғни көнеге жақын формасында кездеседі. Қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық вариантта көрінеді. Мысалы, түрік т. kuğu алт.қыр.т. – куу, қырғ.т. – аққуу,чув.т.- акаш, хақ.т. - хуу, башқ.т.- аққош, құм.т. - кув, түрікм.т. - -гув, аз.т. – гу//гу гушу, якут.т. – куба.

Кейбір түркі тұлдерінде бұл құс атауының алдында ақ анықтауышы қолданылады. Мәселен: қыр. –ақ куу, ққал. – аққуу, ноғ. – ақ кув, қаз.- аққу. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде «kugu kuşu» деп беріледі. Бесім Аталайдың аудармасы бойынша «аққу құсы» екі бәйітте кездеседі. Мысалы:

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “Korday kugu anda uçur yumgin öter

Kuzgun yanğan sayar anın üni бүter” [9, 324 б.]

Қазақ тілінде: «қордай, аққу ұшып жиылып өтер,

күзғын, қарға сайрап содан үні бітер» [9, 56 б.]

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты еңбегінде «қуқи қушу» 8 бәйіт жолдарында кездеседі.

«Құтты білікте»:“ қаз өрдек қуқи қил қаліқіғ

қақілауу қаунар уоқару қоқи”[5, 69 б.]

Қазақ тілінде: «қаз- үйрек, қыл, аққулар қалықтады, қиқулап биік-төмен шарықтады» [6, 145 б.].

Жазба ескерткіштер тілінде «елу жасым мені де құрсауға алды, қарға түстес басымды қырау шалды» деп,

акку құсының бұл шығармаларда қарияның жасының үлкендігін, шашының ағарып «қырауға», «басқа акку қонды», «ақ құсқа айналдым» деп теңегенін көре аламыз.

Жалпы жазба ескерткіштерде, түске байланысты яғни, ақ түске балап, сипаттайтындығы байқалады. Қазақ халқында аққуға байланысты көптеген теңеулер, мақал- мәтелдер кездеседі. Мысалы: «аққуды атпа, досыңды сатпа», «аққумен дос болсаң - жүрген жерің пәк болар», «өленге енсе, сөз сұлу, акку жүзсе, көл сұлу», «ақ десең – қаз да ақ, бірақ акку емес», «қарға қаралығын білсе, аққуға жоламас» сияқты мақал- мәтелдерді атауға болады.

Аққу түркі халықтарында хакастарда, якуттарда, сахаларда, тофаларда, киелі деп саналған. Ә.Марғұлан «Мүмкін тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуға тиіс» деген. Аққуға байланысты тотемдік сенімдердің пайда болуы қағанатының бір құрамын Аққу тайпасы құрағандығынын көруге болады. Тіпті кейбір тайпаның атына да, ұранына да айналған. Бұған алтайлықтардағы Дьур-таг (бүркіт), тувалардағы қуу (аққу), хакастың бюрют (бүркіт) тайпалары дәлел [11, 218 б.].

Sanduvaç/sundılaç-Сандуғаш. Ежелгі түркі жазбаларында бұл сөздің бірнеше варианттары бар: сандавач, сандувач, сандуач. Қазақ тілінде «сандуғашқа» байланысты мынадай мақал-мәтелдер қолданысқа ие: «сандуғашша сайрайды, сұржыланша шағады», «ұшқанда қарлығаш озар, сайрағанда сандуғаш озар» және т.б. басқа мақал-мәтелдер атап өтуге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөздің екі фонетикалық варианты бар: тат. – сандугач және баш. – хандуғас. Тат.т. –сандугач булуп сайрау, баш.т. – хандуғас хайрау тіркестері кездеседі. Сөздікте: sundılaç және sanduvaç формалдарында кездеседі. Sanduvaç- бұлбұл, ал sundılaç- пайызторғай деп қарастырылады. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде «sanduvaç» деп беріледі. Бесім Ағалайдың аудармасында «бұлбұл құсы» 2 бәйітте кездеседі. Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегінің түрік тіліне аудармасын жасаған Адәм Айдемирдің жұмысында 2 бәйіт жолдарында кездеседі. Мысалы:

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “senden kaçağ sundılaç
mende tiner kargılaç
tatlığ öter sanduvaç
erkek tişi uçruşur”[9, 529 б.]

Қазақ тілінде: «Сенен құстар, кішкене пайызторғайлар қашып, безіп кетеді;
Менде қарлығаш жайланып, тыншиды.

Бұлбұл түрлі үн-әуенмен тәтті сайрайды;
Ер мен әйел ұшырасады»[12, 588 б.]

«Құтты білікте»: “çeçeklikte sandugaç öter ming ünün
okır surı ‘ibrîtünün hem künün” [5, 78 б.]

Қазақ тілінде: «сандуғаш сайрады,
бұлбұл ән салады» [9, 588 б.]

Көптеген түркі тілдерінде бұлбұл сөзі әртүрлі фонетикалық варианттарда қолданылады: өз., қыр., ұйғ., қбал.,- булбул, қаз,- бұлбұл, түр. –bulbul, аз. – бұлбұл, түрікм, ноғ.- билбил, ққал. – булбул, құм. – бюлбюл. Бұл сөздердің сандуғаш варианты ең көне, таза түркілік болса керек. Ал бұлбұл сөзі орта ғасырда енген парсы сөзі. Қазіргі қыпшақ және оғыз тілдерінде бұлбұл сөзі кең қолданылып, әр түрлі мақал- мәтел, тұрақты тіркестерге ұйытқы сөз бола алады. Мысалы, өз.- булбул гүе «шешен адам», түр.т.- bulbulak оуі оупатаз «бұлбұл ертегімен асырмас», қаз.т. – бұлбұлдай сайрайды, бұлбұл дауысты, ққал.- бул-билдей сайрайды. Ал шығыс түркі тілдерінде «бұлбұл» мағынасында мүлде басқа сөз пайдаланылады: тув.т – айлаң кушқаш, алт.т. – тоорчык сөздері қолданылады.

Каз- Қаз. Қаз сөзі орта ғасыр мұрағатында кеңінен пайдаланылған. Біздің зерттеу нысанамыз болып отырған «Диуани лұғат-ит-түрікте» “kaz kopsa өгдәк көліг ігенур”, «қаз көтерілсе, үйрек көлге қожа болар»[12, 134 б.] тұлғасында кездеседі. Қазіргі түркі тілінде бұл әр түрлі тұлғада көрініс береді: қыр., қаз.,ноғ.,тат.-қаз,түр.-kaz,баш.-каз,құм.,қбал.-къаз,алт, тув.-кас, ққал., ұйғ.-ғаз,аз., түрікм.-ғаз, өз.-ғоз,хақ.-хас, якут.-хаос,чув.-хур. Ежелгі түркі және қазіргі түркі тілдерінде белсенді ұшырасатын қаз сөзі жалпытүркілік. Қазіргі қазақ, басқа да түркі

тілдерінде қаз сөзі көптеген тұрақты тіркестерге, мақал-мәтелдерге негіз болған. Мәселен, - қаз мойын (арғымақ), -қаз дауысты т.б. сынды тіркестер кездеседі. «Көлде жүрген қоңыр қаз, қыр қадірін не білсін» деген мақал да осыған дәлел.

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде «kaz» деп беріледі. Бесім Аталайдың аудармасында «қаз құсы» 14, Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегінің түрік тіліне аудармасын жасаған Шериф Али Бозкапанның еңбегінде 1 бәйіт жолдарында кездеседі. Мысалы:

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “kaz kopsa ördek köliğ igenür” [9, 104 б.]

Қазақ тілінде: «қаз көтерілсе, үйрек көлге қожа болар» [12, 134 б.]

«Құтты білікте»: “Kaz ördek kuğu kıl kalığı tudı
Kakılayu kaunar yokaru kodı” [5, 72 б.]

Қазақ тілінде: «қаз, үйрек, аққу және бізқұйрық қоршауды толтырды,
олар бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрді» [6, 85 б.]

Жазба ескерткіштерде байқағанымыздай, қаз және үйрек бірге ұшырасады. Яғни, қаз бен үйректің жақындығын және олардың бір-бірінің орнын басуға мүмкіншілік беретінін байқаймыз. Жалпы, мақал- мәтелдерде бір-біріне сый- құрмет немесе бір-біріне сенуге тұратындығын көре аламыз

Жазба ескерткіштер тілінде, қазақ халқында «бұлбұлдың үні тәтті, тотының тілі тәтті», «бұлбұлға бау жақсы, кекілікке тау жақсы», «бұлбұл үнді, жылан тілді» сияқты т.б. мақал-мәтелдер қолданылып, айтылады. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде сандуғаш //сандугач, бұлбұл сөздері жарыса қолданыла береді. Қазақ тілінде «сандуғаш» деген бұлбұлдан басқа атауы Қазақстанның оңтүстік- шығыс аймағында кеңінен қолданылады. Қарлығаштың бір түрі. Ұясын жарқабақ, топырақты жарларға салатындықтан ел ішінде, ауызекі тілде «жар қарлығашы» деп те атайды [9, 587 б.]

Ördek-Үйрек еңбектерде “ördäk” деп берілген. “Kaz kopsa ördäk köliğ igenur”; Қаз қопса көлік igenür – «Қаз тұрса, үйрек көлді жағалар; «қаз көтерілсе, үйрек көлге қожа болар» [12, 134 б.]. Бұл мақал ел ішінен бір ұлық адам кеткеннен кейін, оның орнына одан төмен бір кісінің көтерілгенін меңзеп айту үшін қолданылады. Ал қазіргі түркі тілдерінде ежелгі түркілік өрдәк//өрдек тұлғалары әртүрлі көріністе таралған. Мысалы, түр.-ördek, түрікм.-өрдек, өз.-өрдәк, ұйғ.-өдәк, өз.-урдак, қыр.-өрдөк, құм.-оьрдек, алт.-орток, хақ.-өдурек, тат.-урдәк, баш.-өйрәк, қаз.- үйрек. Зерттеліп отырған жәдігеріміздегі өрдәк жалпытүркілік сөз. Қазіргі түркі тілдерінде көптеген тіркестерге, мақал-мәтелдерге ұйытқы болып кеңінен қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде – шүрегей үйрек, жабайы үйрек, дала үйрегі, түрікм.т.- мейдан өрдегы «жабайы үйрек», қырғыз фольклорында куу ордек немесе жез канату ордөк тіркестері сияқты формалар өте көп.

Жазба ескерткіштерде «қаздың» сипаттамасы сияқты, бұл бәйіт жолдарында «үйрек» бірдей мағынада, қолданыста беріледі. Жалпы, аққу, қаз, үйрек секілді құстар татулықты, бейбітшілікті, махаббатты сүйетін құстар қатарына жатады.

үйрек ұшып, қаз келді» және т.б.

Karga- Қарға. Түркі халықтарында: хакастарда, туваларда, якуттарда, сахаларда да қарға деп саналған. Якут- сахалар қарғаны киелі санауымен қатар «жаһан құс» дейтін болған. Олар қарға үш жүз жыл өмір сүретін, көрікпелдігі бар, адам тағдырын билейтін құс деп сенген. Якуттардың көңғалас тайпасының ішіндесуор (қарға) деген ру болған [13, 99-111 б.]. Хакастарда «қарғаның ұясына тиме, киесі ұрады» деп түсінсе, тувалар қарғаны өлтіруге тыйым салған. Олар «қарға барлық туваны қорғайды» деп сенген [14, 108 б.].

Қарға сөзінің түп төркіні, қарғаның шығаратын даусынан деп көрсетеді. Қарға туралы миф- аңыздар алғаш ру пайда болған кезде тараған. Туыстық, жақындықты білдіргісі келгенде «қарға тамырлы қазақ» дейді. Бір- екі баласын барын «бір-екі қарға ұстап отырмыз ғой» деп сездірген. Жақсы көрген қызына (баласына) «қарғам-ау» деп ән шығарған [13, 1240 б.].

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “bir karga birle kış kelmes” [9, 26 б.]

Қазақ тілінде: «бір қарға қыс әкелмес»

«Құтты білікте»: “kara çumguk ötti sita tumsukününi oğlayu kız üni teg yakın” [9, 25 б.]

Қазақ тілінде: «қарға өзінің найзадай тұмсығымен ән салады,
дауысы ерке қыздың даусындай жанға жақын»

Жалпы жазба ескерткіштерде, түрлі еңбектерде «қарға» құсының ерекшеліктері және жағымсыз қасиеттері беріледі. Мысалы: қарғаның ұзақ өмір сүруі (кемінде 300 жыл), жылы жаққа ұшпайтындығы (қыстап қалатын құстардың бірі), оның балапанын сөйлеп үйретуге болатындығы, кез келген тамақты қорек ететіндігі (арам құстардың бірі) және өте ақылды, ұғымтал (адамның айтқан сөзін жаттап алатындығы), сақ құстардың бірі ретінде сипаттама беріледі [8, 213 б.].

«Қыл құсы» ерте көктемде келетін, үйрекке ұқсас құстың бір түрі. Бектер ерте көктемде оны бір-біріне сауға қылады. Оны «қыл құйрық» деп те атайды.

«Қасқалдақ» жайында сөз қозғайтын болсақ, үйректен кішірек су құсы. Жырда «мені көлде үйрек атушы деп көріп, білсе, қасқалдақ суға сүңгіп кетер».

Асқар Егеубаев “М. Қашқарида кездесетін өлең, жырларды көркемдеп (өзінен-өзі үйіріліп, үндесіп, тіленіп тұрғандары болмаса), ақындықпен аударуға тырыспадық. Мағына, мазмұнын, тінін бұзбауға ұмтылдық. Осы жерде де, бұл егіз жолдың мәнін өлең заңдылығы мен көркемдік шартына бағындырсақ, әрқалай түсіндірер едік. Мысалы: «тең-: тең-» деген сөз ежелгі мәндерінің бірі «көл» деген ұғымда аса сирек қолданылады. Бұдан басқа бұл сөз «тең- бірдей»; «көкке ұшу; көтерілу», т.б. ұғымдарды да білдіреді. Өлең- жыр шарттарына жүгінсек, «мені көрсе үйрек көкке атылып ұшып көтерілер, темір бассыз жебемді көріп қасқалдақ суға батар, суға сүңгіп кетер» деген қисындырақ болар ма еді” деген еді.

«Тоғрыл» сөздікте екі мағынада кездеседі. Бірінші «тоғрыл»- жыртқыш құс. Мың қазды өлтіріп, ішінен біреуін ғана жейді. Бұл сөз ер адамның есімі болып табылады десе, екінші «тоғрыл»- ет пен дәм- татымдылықтар тығылған ішек деп беріледі.

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» және Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» шығармалары тілін антропоэзектік тұрғыдан саралап, орта ғасырлық түркілердің дүниетанымы мен болмысын танытатын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын ашу, халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, мәдениетін сипаттайтын тілдік бірліктердің этнолингвотанымдық мазмұнын анықтау маңызды міндеттердің қатарына жатқызамыз.

Зерттеу аясында орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде құс атауларының өзгермей, сол калпында қолданылатындығы қуантады. Бізге жеткен асыл, орта ғасырлық, түркі жұртының мақтан етерлік шығармаларының әр тақырыпта зерттелуі және жариялануы керек деген ойдамыз. Қазақ тілінде не болмаса түрік тілінде тек жазылуы ғана емес, сонымен қатар сөздікте берілгендей анықтама немесе мақал- мәтелдерде құс атауларының кездесуі «жалпытүркілік этнолингвомәдени мазмұнға ие» деген мағынаны береді.

Жалпы құстар түркі жұртының танымында ерекше орынға ие. Айталық, қарлығаш – берекенің, мейірімділіктің; аққу – махабаттың, адал сезімнің; байғыз – жамандықтың, өлімнің; көгершін – татулық пен бейбітшіліктің; бүркіт – қайсарлықтың, еркіндіктің; ұлар – тыныштық пен қауіп- қатерден аластаудың символы ретінде танылған. Сол себепті аталған құстарға «киелі құстар» деп атау берген. «Көк құрақ – көлдің сәулеті, құс пен аң – ердің дәулеті» деген, халықтың хайуанаттардың ішінде ең жақсы көретіні – құстар. Пайдасы болмаса, зияны жоқ тіршілік иелері. Адамзат баласы сонау X-XI ғасырларда құстарды жақсылықтың нышанына балаған және жалпы адамзатқа қатысты әсемдік пен сұлулық, нәзіктік, табандылық пен төзімділік, мейірімділік пен махаббат, адалдық пен татулықтың, қайсарлық пен батырлық және т.б. бейнелеуде молынан қолданылатын теңеу, метафоралардың негізгі иесі болып табылады. Жалпы алғанда «Диуани лұғат-ит-түрік» және «Құтты білік» ескерткіштері тіліндегі тілдік бірліктер, соның ішінде құс атаулары жалпытүркілік этнолингвомәдени мазмұнға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). Ана тілі, 1998. – 320 б.
2. Егеубаев А.Қ. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы, 1997. «Хант» баспасы. –530 б.

3. Әуезова З.А. «Диван лугат ат-тюрк» ("Словарь тюркских наречий"), первый перевод на русский язык Зифа-Алуа Ауэзова. –Эрмерс, Алматы, «Дайк-Пресс», 2006. –1300 стр.
4. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
5. Arat R.R. Türk Tarih Kurumu Basımevi. –Ankara, 1959. – 289 s.
6. Егеубаев А. Құтты білік. –Алматы, 1986. 616 б.
7. Bozkaplan, Şerif Ali, Kutadgu Bilig’deki Hayvan Adları Üzerine Bir İnceleme, Turkish Studies, Cilt 2/4, s. 1110-1118, Sonbahar 2007.
8. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Табиғат. – Алматы. – 480 б.
9. Егеубаев А.Қ. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. –Алматы, 1997. «Хант» баспасы –III т. –422 б.
10. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар.- Алматы, 1985. –468 б.
11. «Диуани лұғат-ит-түрік». Факсимиле III том. – 625 б.
12. Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 8/13 Fall 2013.
13. Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. –Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1980. –318 с.